



"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қараша N 1530

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасында атап өтілетін мерекелердің құқықтық негіздерін айқындайды.

1-бап. Қазақстан Республикасында атап өтілетін
мерекелер

Қазақстан Республикасында ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мерекелер - Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен ерекше тарихи мәні бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді мейрамдау кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекеттік мерекелер - қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға

арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтары дәстүрлі атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

Кәсіби және өзге де мерекелер - ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін мерекелер.

2-бап. Ұлттық мерекелер

Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке - 16-17 желтоқсанда атап өтілетін 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

3-бап. Мемлекеттік мерекелер

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мерекелер мына күндері атап өтілетін мерекелер:

Жаңа жыл - 1-2 қаңтар;

Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз;

Наурыз мейрамы - 22 наурыз;

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі - 1 мамыр;

Жеңіс күні - 9 мамыр;

Қазақстан Республикасы Конституциясының күні - 30 тамыз, Республика күні - 25 қазан.

4-бап. Кәсіби және өзге де мерекелер

Кәсіби және өзге де мерекелер Қазақстан Республикасындағы мереке күндер болып табылады.

Мереке күндер тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

5-бап. Мереке күндер

Қазақстан Республикасындағы ұлттық және мемлекеттік мерекелер

Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес мереке күндер деп танылады.

Қазақстан Республикасындағы мереке күндер жұмыс істемейтін күндер болып табылады.

Демалыс және мереке күндері сәйкес келген ретте мерекеден кейін келетін жұмыс күні демалыс күні болады.

6-бап. Қорытынды ережелер

Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.